

# Қарапайым әже

12+

№8 (876)

Сенбі, 20 ақпан 2021 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

2004 жылы 22-сәуірден шыға бастады

## Жақын туыстарымен байланыста болу

Жоғалған жақын туыстармен байланыста болу үшін іздеу – әлеуметтендірудің маңызды міндеттерінің бірі. Тәжірибе көрсеткендей, жаңадан құрылған байланыс сотталғандарға оң әсер етеді. Түркістан облысы, Кентау қалалық пробация бөлімінде есепте тұратын бас бостандығын шектеу жазасын өтеп жатқан «О» есімді сотталған азаматша, пробация қызметкерлерінің көмегімен ұзақ уақыттан бері кездеспеген туған ағасын тапты. Ол ағасы Ақмола облысы, Бурабай ауылында тұратыны анықталып, ағасымен телефон арқылы байланысқа шықты және өздерінің кішкентай кездерінде бірге болғандарын содан бір бірін көрмегінің видео телефон байланысы арқылы сөйлесіп, алдағы уақытта бірге тұру жоспарларын айтып, кездесуге ниет білдірген. Есепте тұратын «О» есімді сотталған азаматша Кентау қалалық пробация бөлімінің қызметкерлеріне өз алғысын білдірді.



Абылай МЫРЗАХМЕТ, Кентау қалалық ПҚ бөлімінің аға инспекторы әділет сержанты.

## Есімі мәңгі өшпейді, елім деп өткен ерлердің

1979 жылы кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғанстанға кіріп, 10 жылға жуық соғыс жүргізді. Оған 22 мың қазақстандық қатысқан. Биыл ақпан айының 15-ші жұлдызында Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 32 жыл толып отыр. Осыған орайда Сұлтанбек Қожанов атындағы орталық саябақта ауған соғысы ардагерлерімен кездесу өтті. Жиында сөз алған қалалық Ішкі саясат бөлімінің басшысы Төрехан Жақашұлы ардагерлерге жылы лебізін білдіріп, қала әкімі Дәурен Сәбитұлының арнайы алғыс хатын табыстады. Одан бөлек қаламыздың құрметті азаматы



Өміртай Жүсіпов батырлардың ерлігі алдыңғы жас буының жадында мәңгі сақталатынын жеткізді. Кездесуде ауған жерінде қайтыс болған ерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, құран бағышталды.

## ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ



Қаратау тауының оңтүстік етегінде орналасқан 65 жылдық тарихы бар Кентау қаласы жылдан-жылға өрлеп, даму үстінде. Бірлік пен татулықтың, Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың дұрыс таңдаған стратегиясының арқасында және Елбасымыздың бастаған ісін жалғастырушы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың елімізді өркендету мақсатындағы дестүрлі халыққа арнаған Жолдаулары мен Үндеулерін, облыс әкімі Өмірзақ Шөкеевтің тапсырмаларын іске асыру жолында өткен жылдың қорытындысымен Кентау қаласы келесідей жетістіктерге қол жеткізді. Жалпы жылдың қорытындысымен қаланың өнім көлемі 121,8 млрд. теңгеге жетіп, 2019 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 116,4% артты.

Шахардың экономикасына тартылған инвестиция көлемі 2019 жылы 24,5 млрд.теңге болса, 2020 жылы 35,0 млрд. теңгеге жетті.

**ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫ**  
Кентауда жалпы 3 ірі, 27 орта және

шағын кәсіпорындар бар. Өткен жылы өнеркәсіп кәсіпорындары – 36,8 млрд. теңгенің өнімін өндірсе, алдыңғы жылы 12 айында 32,8 млрд.теңге

2015-2020 жылдарға өңірлер кәсіпкерлігін қолдау картасы аясында жалпы құны – 22,1 млрд. теңгеге 9 жобаны жүзеге асыру көзделсе, бүгінге дейін оның 5-еуі орындалып отыр.

- 1.«ЮгЭлектроПривод» ЖШС
- 2.«Электродеталь» ЖШС
- 3.«Статус Эверест» ЖШС
- 4.«Vostok Minerals» ЖШС – «Барит өнімдерін өңдеу» жобасы,
- 5.«АБН Альянс» ЖШС
- 6.«ГРК «Металлинвест» ЖШС
- 7.«Rich Investment» ЖШС
- 8.«PROFINVESTMENT» ЖШС-і
- 9.«Turkestan Fruit» ЖШС-і

Индустриалды аймақ  
Ал, индустриалды аймақта 4,6 млрд. теңгеге 10 жобаны іске асыру жоспарланған болатын. Оның 3-уі толық қуатылыққа шығып, 2020 жылы 495,3 млн. теңгенің өнімін өндірді. 2021 жылы 5 жобаны іске қосып, 110 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарлануда.

Шағын және орта бизнес  
Кентауда жалпы жұмыс істеп тұрған 8488 шағын орта кәсіпкерлік субъектілері бар. Олар былтыр 105,9 млрд. теңгенің өнімін өндіріп, қызметтер көрсеткен. Яғни, көрсеткіш салыстырмалы түрде 30,6 пайызға артып отыр.

«Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы аясында 299 адам грант (555600 теңгеден) алған. (кондитерлік өнімдерді өндіру, тамшылатып суару, мал шаруашылығы және тағы басқа) Мемлекеттік гранттар алуға 2020 жылы 17 кәсіпкер конкурса құжаттарын өткізіп, 3 адам 12,0 млн.теңгеге грант алған. («Дарын» ЖШС – сүт өнімдері

5,0 млн.тг, ЖК Нуруллаева Ұ- балалар сауықтыру орталығы 2,5 млн.тг), ЖК Камаев – мүгедек балаларға арналған ойыншықтар -4,5 млн.тг)

Субсидиялау үшін екінші деңгейлі банктер арқылы 9 жоба несиелендірілуге оң шешімін алған. «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» екінші бағыты шеңберінде жыл басынан «Ырыс» МҚҰ арқылы жалпы сомасы 250,6 млн теңге құрайтын 73 жоба қаржыландырылды.

«Яссы-несие» НС жыл басынан кәсіпкерлікті қолдау мемлекеттік бағдарламалары аясында 43 жоба 1652,6 млн.теңге сомасын несиелендірген.

«Қарапайым заттар экономикасы» Мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде Кентау қаласы бойынша 21 жоба қатысуға ниет білдіріп, 12 жоба несиелендірілді.

**Автожолдар**  
2020 жылы Кентау қаласы және шахарға қарасты ауылдарда жалпы ұзындығы 94,1 шақырым болатын 66 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Оның, 47,8 шақырым болатын 27 көшесі «Ауыл-Ел бесігі» бағдарламасы 23,3 шақырымды құрайтын 23 жол «Жұмыспен қамту 2020 жол картасы» бағдарламасы аясында жөнделді. Құрылыс жұмыстары 2020 жылдан өтпелі ұзындығы 16,3 шақырымды құрайтын 20 көше бар.

**Автокөлік жолдары**  
2020 жылға ұзындығы 4,3 шақырым А.Ясауи даңғылы, Б.Момышұлы көшесі жөндеу жұмыстары толығымен аяқталды.

Алтынсарин (800 м) және Абылайхан (1000 м) көшелерінің орташа жөндеу

жұмыстары басталып, лотоктары мен бордюрлері қойылып, асфальт төселді. Әл-Фараби көшесінің орташа жөндеу жұмыстары басталып, жұмыстар атқарылуда.

Республикалық бюджет қаржысына қаладағы 9 көшеге орташа жөндеу жұмыстарын жүргізді. 2020 жылы Кентау қаласының 12,7 шк құрайтын 11 көшеге ағымдағы жөндеу және 35 көшеге орташа жөндеу асфальт төсеу жұмыстары жүргізілді.

Кентау қаласындағы 52 орамдағы 11 көшенің орташа жөндеу жұмыстарының 70%-ы атқарылды. Сондай-ақ, Ерназаров, Науаи, Әуезов көшелерінде күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі таңға жөндеу жұмыстарының 70% аяқталған.

Оранғай ауылдық округінде 11 көшеге, Шаға ауылдық округінде -16 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 6 көшеге жарықтандыру жұмыстары аяқталды, 3 көшеге аяқ жол жұмыстары жүргізілді.

**Хантағы ауылындағы Рысқұлбеков көшесі, Ащысай ауылындағы Ақхожаев көшесі, Шорнақ ауылдық округіндегі А.Байтұрсынов көшесі, Ескі Иқан ауыл округіндегі Түркістан көшесі, Жаңа Иқан ауыл округіндегі №1 көшесі, Жібек жолы ауыл округіндегі Исабеков көшелеріне орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді.**

**ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІП**  
2020 жылы орын алған жалпы құқық бұзушылықтардың саны 434- ті құрап 31,9 %-ға кеміді. Оның ішінде: пәтер ұрлығы -65,0%-ға, тонау 53,3%-ға, бөтеннің мүлкін ұрлау 63,7%-ға кеміді, ауыр және аса ауыр қылмыстар 41,5 %-ға артты. Ауыр және аса ауыр қылмыстардың жалпы ашылығы – 68,4% құрады.

## Пәндік олимпиада студенттердің білімін шыңдау құралы

Бүгінде жоғары оқу орындары түлектерінің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің біріне айналды. Осыған байланысты болашақ мамандар даярлауда алға қойылуға тиіс басты міндет – жеке тұлғаның күзреттілігін дамыту, яғни білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, кәсіби шеберлігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Бұл міндетті жүзеге асырудың тиімді технологияларының бірі – студенттерді білім алып жатқан мамандықтары бойынша халықаралық, республикалық деңгейде өткізілетін пәндік олимпиадаларға тарту және қатыстыру. Олимпиада өткізудің негізгі мақсаты студенттердің мамандық пәндеріне деген қызығушылығын арттыру, өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру, теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде қолдануға мүмкіндік беру, студенттер арасынан дарынды жастарды анықтау және олардың шығармашылық әлеуетінің ашылуы үшін жағдай жасау.

Студенттік пәндік олимпиада – түрлі салалар бойынша бақ сынауға болатын зияткерлік сайыс қана емес, оқу үрдісін жетілдіру үшін қолданылатын инновациялық бағыт. Пәндік олимпиадаларға қатысу студенттерге шығармашылық қабілеттерін арттыруға, инновациялық идеяларын ұсынуға және өз ойын ортаға салып, топпен бірлесіп жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сол себепті Қазақстандағы білім мен ғылымның қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің Экономика

және бизнес жоғары мектебінің «Менеджмент» кафедрасында кафедра мамандықтары бойынша халықаралық, республикалық деңгейде олимпиадалар өткізу дәстүрге айналған.

Жуырда жоғары мектептегі кәсіби мәртебесі жоғары, заман ағымына ілесіп, білікті әрі сұранысқа ие мамандық иелерін дайындайтын «Менеджмент» кафедрасының ұйымдастыруымен «5B05100 – Мемлекеттік және жергілікті басқару», «5B050700 – Менеджмент» мамандықтары бойынша бакалавриат, магистратура деңгейлерінде «COVID-19 пандемиясы жағдайында мемлекет пен қоғамның трансформациясы» тақырыбында V Халықаралық студенттік сырттай олимпиада өтті.

Олимпиада екі кезеңнен тұрды, бірінші кезең кейсті шешудің бірегейлігі, тиісті мамандық бойынша білімін көрсету, кейс мәселелерін толық ашу, жауаптарды дәлелдеу үшін қосымша ақпаратты қолдану сынды талаптар қойылған бизнес-кейсті шешу тапсырмасын қамтыды. Бизнес-кейс тапсырмалары пандемия жағдайындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік, COVID-19-дың Қазақстандағы бизнеске, қоғамға әсері, қазіргі экономикалық жағдайға байланысты Қазақстан Үкіметінің азаматтарға қолдау көрсетуі сияқты мәселелерге арналды.

Екінші кезеңде командалар компания, мекеме немесе мемлекет деңгейінде бірегей идеяның сипаттамасы түрінде олимпиада тақырыбына сәйкес эссе әзірлеуге тиіс болды. Бұл кезеңнің басты талаптары команда идеясының ерекшелігіне,

эссе тақырыбының өзектілігіне, оның әлеуметтік және тәжірибелік маңыздылығына, баяндаудың толықтығы мен стиліне негізделді. Қатысушы командалар әр тапсырма мен әр кезеңге қатаң бөлінген уақытта теориялық білімдері мен тәжірибелік дағдыларын тексеруді қамтитын олимпиаданың барлық екі кезеңінен дәйекті түрде өтуге міндеттелді.

Электрондық пошта арқылы келіп түскен бизнес-кейс шешімдері мен олимпиада тақырыбына сәйкес әзірленген эсселердің қазылар алқасының мүшелерімен қаралуы және бағалануы Zoom платформасында өтті. Сайыстың қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталып, жүлделі орындар тағайындалды.

Бұл сайыстың нәтижесінде қатысушылар шығармашылық әлеуетін іске асыруға, барлық жағдайларда жаңа тәсілдерді және ерекше шешімдерді таба білуге, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу қабілетін дамытуға, пән бойынша білімдерін кеңейтуге және тереңдетуге мүмкіндік алды. Сондықтан болашақ түлектерді пәндік олимпиадаларға қатыстыру олардың жалпы мәдени және кәсіби күзреттілігін дамытуға зор ықпал етіп, әр студентті бәсекеге қабілетті кәсіби маман ретінде даярлауға септігін тигізери анық.

**Р.Ғ. ЕСЕНЖИГИТОВА,**  
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
аға оқытушысы.

## Татуластыру рәсімдері

**Татуласу келісімі бірінші, апелляциялық, кассациялық сатылардағы соттарда сот шешім шығару үшін шығып кеткенге дейін, сондай-ақ сот актісінің орындалуы кезінде жасалуы мүмкін.**

**Тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексіне белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады.**

Татуластыру рәсімдері бойынша Кентау қалалық сотымен қаралған азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істері жөніндегі статистикалық мәліметке сүйенсек: Азаматтық істер бойынша 2019 жылы медиациямен аяқталғандар істер саны - 56 іс,

партисипативтік рәсіммен - 6 іс, бітімгершілік рәсімімен - 3 іс аяқталса, ал 2020 жылы - 90 іс медиация тәртібімен,

2 іс партисипативтік тәртіппен, сондай-ақ 5 - іс бітімгершілікпен аяқталған.

Қылмыстық істер бойынша 2019 жылы барлығы



22 қылмыстық іс, ал 2020 жылы 11 қылмыстық іс медиация тәртібімен аяқталған.

Әкімшілік істер бойынша 2019 жылы барлығы 28 әкімшілік іс медиация тәртібімен аяқталса, ал 2020 жылы 46 әкімшілік медиация тәртібімен

аяқталған.

Қорыта айтқанда, азаматтық және әкімшілік істер бойынша татуластыру тәртібімен аяқталған істер санының едәуір көбейгені, ал қылмыстық істер бойынша керісінше азайғаны байқалады.

Осы тұрғыда қылмыстық істер бойынша татуластыру санының азаюына қылмыстық істердің сот өндірісіне аз түскені себеп болған. Бұдан бөлек, қылмыстық істердің сотқа дейінгі тергеп-тексеру органдарымен Қылмыстық кодексінің 68-бабының талаптарын қолдана отырып тоқтатуы да ықпал еткен.

Жалпы татуластыру рәсімдерін қолданылуына судьялардың, медиаторлардың, адвокаттардың ол бойынша нәтижелі жұмыс істеулері өз әсерлерін тигізіп отырғанын да айта кету қажет.

Дауды татуластыру тәртібімен аяқтау екі тарапқа да тиімді шешім болатыны анық, себебі біріншіден тараптар әуре-сарсаңға түспейді, екіншіден өз уақыттарын үнемдейді, үшіншіден оларға сотқа төленген мемлекеттік баж кері қайтарылады.

**А.С.ДӘУРЕНБЕКОВ,**  
Кентау қалалық сотының судьясы.


## Қызанақ жемістерінің қоңыр қатпарлы вирусы

Коздырғышы-Tornato Brown rugose fruit virus (ToBRFV).Қызанақ жемістерінің қоңыр қатпарлы вирусы жабық көкөніс дақылдарының-қызанақ пен бұрыштың қауіпті коздырғышы болып табылады. Көптеген ену жолдары мен таралу жылдамдығы жоғары болғандықтан, соңғы екі жыл ішінде вирус Еуропа, Азия және Америка елдерінде анықталды, онда жабық және ашық жерлерде қызанақ өндірісіне айтарлықтай зиян келтірілді. Сақтау көзі және инфекцияның берілу әдісі вирус жоғары патогенді және ұзақ уақыт бойы тек тұқымдарда, өсімдіктерде және олардың бөліктерінде ғана емес, сонымен қатар инертті беттерде де өміршең болып қалады. Өсімдіктерде қызанақ жемісінің қоңыр қатпарлы вирусын тудыратын симптомдар өте алуан түрлі және ерекше болып табылмайды: қызанақ жемістерінің қоңыр қатпарлы вирусының симптомдары пегино Мозаика вирусымен (Per-

MV), физостегияның хлоротикалық дақтану вирусымен (PhCMoV), қызанақ Мозаика вирусымен (ToMV) және темекі Мозаика вирусымен (TMV) оңай шатыстырылуы мүмкін. Өсімдікте келесі белгілерді байқауға болады: жапырақтары;-хлороз, мозаикалық өрнек (хлоротикалық/бозғылт дақтар) және дақ көбінесе негізгі және бүйірлік қашудың жас жапырақтарында байқалады, -жемістің деформациясы, -жемістердің біркелкі піспеуі байқалады (мысалы, жеке жемістер кейбір бөліктерде қызыл болуы мүмкін, бірақ жасыл жолақтары немесе дақтары бар), -жасыл жемістердегі қара дақтар, -жемістердегі қоңыр мыжылған дақтар сирек кездеседі. Әдетте,қызанақ жемістерінің қоңыр қатпарлы вирусын жұқтырған өсімдіктер визуалды белгілерді бірден көрсетпейді. Инокуляциядан кейін қызанақ жүйелік белгілерді орта есеппен 12-23 күннен кейін, 4-5

күнінен кейін төзімді гені жоқ қызанақ сорттарында дамиды. Жұқтырған өсімдіктердегі белгілердің көрінісі өсімдіктің түрі мен алуан түріне, вирустың инфекциясына және қоршаған орта жағдайларына байланысты.

Анықтау және сәйкестендіру әдістері ашық топырақта кемінде 50-100 бұтаны талдаумен есепке алу жүргізеді. 1-ші есепке алу толық ену кезеңінде көшеттердің зақымдануын анықтайды: 2-ші жаппай гүлдену кезеңінде өсімдіктердің зақымдануын ескереді: 3-ші есепке алу егін жинауға дейін 2-3 апта бұрын жүргізіледі. Күресу шаралары: Бақылаудың негізгі шаралары-жұқтырған өсімдіктерді жою жән жылыжай жұмысшыларында дезинфекцияның қатаң шараларын сақта, құралдарды зарарсыздандыру, жылыжайға кірер алдында қолды жиі жуу және аяқ



киімді тазарту. Сарапшылар атап өткендей,қорғанудың ең тиімді шарасы-қызанақ жемістерінің қоңыр қатпарлы вирусына төзімді қызанақ пен бұрыш сорттарының тұқымын сатып алу.

**Ж.ЖАҚСЫЛЫҚ,**  
Кентау қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы.